

## «Діни мәтіндерді түсіну және талдау» пәні бойынша дәріс тезистері

### «Діни текстерді түсіну және түсіндіру» курсының пәні

1. Дінтанудағы деректеметану теориясы. Діни текст түсінігі.
2. Дінтанудағы деректанудың деңгейі мен құрылымы.
3. Дінтанушылық және тарихи деректанудың өзара байланысы.
4. Деректанудың теориялық және әдістемелік байланысы.

***Дәріс мақсаты:** магистранттарды діни мәтіндерді анықтау әдістемесі мен теориясының жалпы сұрақтарымен таныстыру.*

Деректану пәні, міндеттері, әдістері мен функциялары; дінтанудағы деректану деңгейлері мен құрылымы. Діни текст түсінігі Тарихи және дінтанулық Деректанудың өзара байланысы. Дінтанудағы деректеметану теориясы Деректанудың теориялық және әдістемелік мәселелері. Дінтану ғылымының тарихы және оның жекелеген салалары бойынша зерттеулер. Дінтанудағы деректанудың деңгейі мен құрылымы. Дінтанушылық және тарихи деректанудың өзара байланысы. Деректанудың теориялық және әдістемелік байланысы.

Дінтанудағы деректану мәселелері: діни дерек пен тарихи фактінің арақатынасы, зерттелетін діни құбылыстың объективтілік проблемасы, діни фактілердің өзара байланысындағы қайта құрылуы, таңдалған тақырыпқа қатысты дінтану көздерін іріктеу, зерттеу және түсіндіру ерекшеліктері.

Әртүрлі тарихи дәуірлер бойынша діни дереккөздердің типологиясы. Дереккөздердің түрлері мен типтері: сөздік көздер, жазба деректер, заттық ескерткіштер, этнографиялық көздер, көркем - көркем көздер, музыкалық шығармалар. Жекелеген діни дереккөздердің сипаттамасы. Көздердің типтік комбинациялары. Діннің маңызды жүйелері: өнер, музыка, кескіндеме, мүсін тілдері, би, сәулет стилі және т. б. діни табыну. Әдеби ескерткіштер (уағыздар, құдайлық шығармалар, киелі өмір, хаттар және т.б.).

Жалпы (теориялық) деректану Жалпы деректану Тарихи дереккөздердің мәні мен ғылыми-танымдық рөлін, олардың жіктелуін, жалпы кезеңдерін және оларды зерттеу әдістерін зерттейді. Тарихи дерек — бұл тарихи ақпаратты тасымалдаушы болып табылатын материалдық объект. Тарихи дереккөздің ғылыми-танымдық рөлі: тарихи дерек тарихи ақпарат көзі болып табылады, оны нақты-тарихи зерттеу барысында алу оның маңызды кезеңі және оны әрі қарай ғылыми тарихи талдау үшін қажетті алғышарттардың бірі болып табылады.

Діни мәтіндерді зерттеудің әдіснамалық принциптері Дереккөздердің пайда болуы және авторлығы. Салыстырмалы деректану: әртүрлі типті көздерді зерттеудің жалпы тәсілдері, коммуникативтік байланыстардың ақиқаттарындағы әртүрлі түрдегі көздердің орны, түрлі түрдегі көздердегі дінді бейнелеудің ерекшеліктері. Салыстырмалы деректану элементтері.

Діни мәтіндерді талдау және синтездеу әдістері. Корреляциялық және регрессивті талдау әдістері. Текстологиялық талдау. Жазбаша дереккөздерді тарихи-филологиялық талдау. Хронологиялық бірізділікті анықтау. Таңбалы жүйелерді оқу. Статистикалық талдау әдістері. Діни дереккөздерді сынаудың мәселелері. Таңдамалы әдіс.

***Оқу әдебиеттері :***

- Айтбаев Қ. Деректану. Алматы. 2005
- Абусейитова М.Х. К проблеме источниковедения средневекового Казахстана
- Источниковедение: теория, история, метод. Учебное пособие. М., РГТУ. 1998.
- Жүсіпова Л. Қазіргі деректану ғылымы мәселелері.// Қазақ тарихы, № 6
- Янин В. Л. Очерки комплексного источниковедения М., 1967
  - Пронштейн А. П. Методика исторического источниковедения. Ростов на Дону., 1976
  - Красников А.Н. Методологические проблемы религиоведения: Учеб.пособие /.- М.: Акад. проект, 2007.

**Египеттік өлілер кітабы**

1. Ежелгі мысырлықтардың діни сенімдерінің қалыптасу тарихы
2. Мысырлықтардың діни сеніммен байланысы жерлеу рәсімі.
3. Құдайларға арналған гимндер
4. Қайтыс болған адамның рухтар мен Құдайларға үндеуі

***Дәріс мақсаты:***

Мысырлықтар кітабы Ежелгі мысырлардың діни нанымдарын құру тарихы. Өлгендердің денесін сақтау мәселесі. Бальзамдау әдісі. Мысырдың Құдайлары. Мысырдың өлі кітабы және өлі Тибет кітабы салыстырмалы талдау.

***Оқу әдебиеттері :***

- Древнеегипетская книга мёртвых. Слово устремленного к Свету. М. 2006
- Всемирное писание. Сравнительная антология священных текстов. М., 1995;
- Мень А. История религии: в поисках Пути, Истины и Жизни. М., 1992.
- Пронштейн А. П. Методика исторического источниковедения. Ростов на Дону., 1976
- Красников А.Н. Методологические проблемы религиоведения: Учеб.пособие /.- М.: Акад. проект, 2007.
- 

**Авеста мәтіні.**

1. Авеста және зароастризмнің пайда болуы жөніндегі ғылыми көзқарастар.
2. Авеста және оның негізгі тараулары
3. Авестадағы көне тайпалардың наным-сенімдері

### **Авеста.**

*Дәріс мақсаты: діни мәтіндерді ғылыми мақсатта пайдалану және зерттеуде белгілі әдістемелік - деректанушылық тәсілдерді қолдану*

Ежелгі Орталық Азияда, Иранда, Әзірбайжан, Ауғанстан жерінде таралған Заратуштра ілімінің қасиетті жазбалар жинағы. Ғылымда «Авеста тілі» деп аталатын көне тілде б.з.б. 3-ғасырда хатқа түсірілген. Сасани әулеті заманында (3-7ғ.) Авеста 21 кітаптан құрылған. Біздің заманымызға соның төрттен бірі ғана жетіп отыр. Олар екі нұсқадан тұрады. 1-нұсқасы әртүрлі кітаптардағы мінәжаттар. 2-нұсқасы дінге, құқыққа, табиғатқа, дүние жаратылысына байланысты әуендерден, дұғалардан, ән – ұрандардан тұрады. Ғасырлар озған сайын Авестаға өзгерістер, толықтырулар енгізіліп отырған. Бұл Шығыс халықтарының көпшілігінің тарихына, мәдениетіне, дініне, ауыз әдебиетіне ортақ қатысы бар ортақ жәдігерлік. Еуропа ғалымдары кітаптың Орталық Азия жерінде туғанын айтады. Авестаны зерттеген ағылшын ғалымы Мэри Боис: «заратуштрашылдықтың негізін қалаған Заратуштра – көшпелі Азия даласын, Ұлы Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпалардан шыққан» деген қорытындыға келген. В.В.Бартольд, А.О.Маковельский, А.Н.Бернштам, Ә.Марғұлан Авестаны жасауға сақ, скиф, ғұн, қаңлы тайпалары қатысқандығын айтады.

Авеста – Заратуштра (грек. Зороастра) пайғамбардың рухани ілімі мен құдайға құлшылық ету уағыздары. Мазмұны 2 мың жыл ішінде (б.з.б. 3-1 – мыңжылдықтар арасы) қалыптасып, атадан балаға ауызша мұра болып, жетіліп, толығына түскен. Сол дәуірдің болмысын қаз – қалпында көрсететін материалдардан тұрады. Орталық Азия, Иран, Әзербайжан халықтарының ежелгі дәуірдегі қоғамдық – экономикалық өмірі, діни сенім – нанымдары, әлем жайлы көзқарастары, әдет – ғұрыптары, мәдени мұралары туралы мол мағлұмат береді. Авестаның көп бөлігі жоғалған, ұмтылған. Ғалымдардың болжамынша, 1/7 бөлігі ғана б.з.-дың 3-ғасырында Аршак әулеті дәуірінде жинақталып, кітап етілген. Ол үш бөліктен тұрады. Біріншісі – Яшт (алғашқы қауымдық қоғамдағы қарым – қатынастар, көп құдайға табыну, т.б. жайлы). Екіншісі – Тат (Ахурамазда құдай хақында тәлім әңгіме), үшіншісі – көп құдайға табыну мен бір құдайға құлшылық етушілер күресі нәтижесінде біздің заманымыздың 5-ғасырында жинақталса керек. Көптеген ғалымдар Авеста Иранда Сасани әулетінен шыққан Хосроу шаһ I тұсында жазылған деп есептейді. Шындығында ол бұл дәуірде қасиетті саналғанымен ұмытылған тілде жазылған. Көпшілік түсіне алмағандықтан діндарлар оны сол кездегі әдеби тіл – пахлауий тіліне аударып, көп түсіндірмелер қосқан. Аударманың көлемі өте үлкен болғандықтан діндарлар күнделікті пайдалану үшін Кіші Авестаны жасады. Оған Үлкен Авестадан іріктеп алынған дұғалар

кірді. Кейінгі кезде кейбір зерттеушілер Авестаны арийлердің ведаларымен байланыстырады. Арийлер солтүстікте Орал тауы бойымен төмен түсіп, бүгінгі Қазақстанға, одан әрі бүкіл әлемге тараған деген жорамал бар. Арийлер дәуірінің ескерткіштері Еділден бастап Сібірге, оңтүстікте Үндістанға дейінгі ұланғайыр аймақтың бәрінде сақталған. Авестаның барлық діндерге, бүкіл дүниежүзілік өркениетке үлкен әсері болды. Мысалы, қазақ халқы жыл басын наурыздан бастайтыны осының бір көрінісі. Көне Ресейде де 14-ғасырға дейін осылай болған. Қостанай, Орынбор, Челябинск облыстары шекараларының түйіскен жерінде 1987 жылы табылған көне Арқайым қаласы бұдан 4 мың жыл бұрын түгелдей Веда мәдениетінің үлгісімен салынған. Заратуштраның отаны осы маң деген болжам бар. Өз елі мойындамай қуғынға салған соң, Заратуштра оңтүстікке бет алып, Парсы (Иран) жеріне келеді. Бұл елдің патшасы Виштаспа Заратуштра ілімін қабылдап, оны мемлекеттік деңгейде бекітеді. Сөйтіп, Авеста бүгінгі Орталық Азия, Иран, Ирак, Ауғанстан және де басқа да аймақтарға тарайды. Авеста ілімі басқа діндерге салмақ түсірмей, олармен онай үндеседі. Сондықтан да оның бүкіл дүниежүзілік өркениетке әсері 1,5 мың жылға созылды. 7-да арабтардың Иран мен Орта Азияны жаулап алуы нәтижесінде Авеста мәтіндері бірте – бірте жойылып, көпшілігі ұмытылды. Бізге Яшт, Виспарт, Видеуат, Ясна сияқты бөліктері ғана жетті. Бүгінгі таңда Авеста тауды паналаған парсылар мен Үнді жеріне (Бомбей) ығысқан заратуштра дінін тұтынушылар арасында ғана сақталған.

Авеста - әлем заңдылықтарын толық қамтитын қасиетті ілім. Авеста бойынша барлық жан иелері микрокосм болып табылады. Бүкіл әлем біртұтас және бір заңдылықпен өмір сүреді. Тірі болмыстың бәрінің жаны бар. Жан ретінде олардың барлығы бірдей. Сондықтан еркек пен әйел, бай мен кедей, соғыста жеңген де, жеңілген де тең деп есептеледі. Бұл «барлық жан иелеріне бірдей қарап, адамзаттың бәрін сүй» деген гуманизм принциптеріне жол ашады. Авеста адам өмірін табиғат заңдылықтарымен үндестіреді: негізгі принциптері бойынша – ішкі және сыртқы тазалықты толық сақтау қажет, баршаға жеке бас еркіндігі берілген, бірақ әркім сол өз еркімен жасаған іс - әрекеті үшін жауап береді және оның нәтижесін көреді, өмірде кездейсоқтық болмайды деп есептеледі. Авеста ілімі бүкіл мұсылман әлеміне тарады. Оның ислам мәдениетіне, әсіресе, сопылық ағымға тигізген әсері өте зор болды.

Авеста сарынының кейбір арналары көне түркі эпостарымен үндесіп отырады. Мұндай ұқсастықты Оғызнамадан, Қорқыт Ата кітабынан кездестіруге болады. Қасиетті кітаптағы кейбір сарындар ежелгі қазақ әдебиетінде де көрінісін тапқан. Әдебиетші ғалымдар Авестадағы сарындардың Қорқыт Ата, Хұтб Хорезми, Ахмед Иүгінеки, Асан Қайғы, Бұқар, Базар жырауларға келіп ұласатындығын дәлелдеді.

### ***Оқу әдебиеттері :***

- Авеста. Кез келген басылым.

- Затов Қ.А. Зароастризм және қазақ мәдениетінің бастаулары. Алматы.2007
- Всемирное писание. Сравнительная антология священных текстов. М., 1995;
- Мень А. История религии: в поисках Пути, Истины и Жизни. М., 1992.
- Пронштейн А. П. Методика исторического источниковедения. Ростов на Дону., 1976
- Красников А.Н. Методологические проблемы религиоведения: Учеб.пособие /.- М.: Акад. проект, 2007.

### **Конфуцишылдықтың негізгі канондарымен жұмыс жасау.**

1. Конфуцишылдықтың негізгі кітаптары.
2. Лунь юй- Конфуцидың әңгімелері мен ойлары.
3. Лао – цзы» трактаты
4. Жиналған мәліметтер туралы шығыс және батыс ғалымдарының зерттеулері.

Конфуцийшілдік – ежелгі Қытайдағы басты идеялық ағымдардың бірі. Конфуцийшілдіктің негізін қалаушы – Конфуций (б.з.б. 551 – 479), оның көзқарасын ізбасарлары «Лунь ой» ( «Әңгімелер мен ой пікірлер») кітабында баяндап берген. Конфуцийшілдікке сәйкес, адам тағдырын «аспан» айқындайды және адамдардың «мейірімділерге» және «нашарларға» бөлінудің өзгеріске ұшырауы мүмкін емес. Жасы кіші жасы үлкенге, қызметі төмен адам жоғары қызметтегі адамға сөзсіз бағынуға тиіс. әлеуметтік теңсіздікті құдайдың құдіретімен байланыстырған Мэнцзы Конфуцийдың көрнекті ізбасары болды. Конфуцийшілдіктің екінші бір жақтаушысы Сюнцзы жасаған ілім бойынша «аспан» табиғаттың бір бөлігі болып табылады және ол санасыз. Адам заттардың заңдылықтарын (дар) түсініп, оларды өз мүддесі үшін пайдалануға тиіс. Алайда Конфуцийшілдіктің басты нысанасы үстемтайдың билеп төстеуін ақтап, құдайдың құдіретін мадақтау болды, мұның өзі Дун Чжуншудың (б.з.б.2ғ) конфуцийшіл ортодоксаль доктринасын жасауына негіз болды. 11 – 12 ғасырларда Чжу Си және басқалар арқылы неоконфуцийшілдік дейтін философиялық негізге ие болды, ол заттарда екі түрлі негіз бар деп үйретті, олар: Ли – парасатты шығармашылық күш және сыпайылық салттар мен ғұрыптарды және Ци – енжар материя. Алғашқы адамның бойындағы жақсы қасиет – ізгілікке құлшыныс, ал екіншісі – жаман қасиет – сезім қызғанышына бой ұруды қалыптастырады. Ван Янмин ( 1482 – 1528 ) Конфуцийшілдікті субъективтілік рухында негіздеп берді. Сан ғасырлар бойы Конфуций феодалдық Қытайдың ең басты идеологиясы болды.

Конфуций бойынша парыз – бұл адамның өзіне, бойына қалыптастыратын моральдік міндеттілігі, « парасатты адам парыз жайлы ойларды, ал пасық адам өз пайдасын көздейді » Шындық, адамдық – чжен, балалардың ата – анасын сыйлауы – Сяо деп атаған. Ұғымдар Сяоның мәні – ли қағидасы бойынша балалардың ата – анаға қызмет ету, оларды салт бойынша жерлеп, оларға құрбандық шалу.

### **Лао – цзы» трактаты**

«Лао - цзы» трактаты (кейіннен «Дао – дэ цзын» деп аталған – книги о Дао пути и благой силе «Дэ») кейіннен Лао - цзының шәкірттері және ізбасарларымен жазылған. Дао ойдың (Конфуцилік сияқты) фокусында ең жоғарғы идеал адам ұстанатын «Дао жолы» тақырыбы тұр, ол сол арқылы ізгі – күш «Дэ» жинап, Аспан астындағыларды (қоғам) ретке келтіріп отырады. Алайда даосизм конфуцилік мәдени шоғырға (культуроцентризм) «қарапайымдылық жолды ұстануды» («Цзы – жань») қарама –қайшы қояды: егер конфуцимен суреттелген «Қасиетті күйеудің» ерекше қасиеті болып салтанатты ережелермен «Ли» мен ұйымдастырылатын әрекетті белсенділік саналатын болса, онда «нағыз әулие» Лао – цзыда «недеяние» («У вей») принципін насихаттайды, ол дегеніміз ірекеттің табиғи ағымын бұзуға бағытталған әрекеттерден бас тарту. ( Л. Га сәйкес «егер кімде кім әлемді жаулап оны бағындырам десе, ол адам сәтсіздікке ұшырайды. Себебі әлем - бұл қасиетті қалып, оны басқара алмайсың. Егер кімде кім оны басқарса ол жойылып кетеді. Егер кімде кім оны иеленгісі келсе оны жоғалтып алады.»)

Осыған сәйкес Конфуцидағы «Дао» - ның тиімді саяси этикалық трактовкасына қарағанда Лао – цзы әлемдік «Даоны» жалпы әлемдік табиғи оқиғалар қарқыны деп қарастырды. «Дао – « болмыстың терең қақпасы, Жермен Көктің түбірі» - әлемге көркем зарттар ( «Ю») ды көрсетеді және Л. Болмаған былмысқа («У») тиістілігін көрсетеді. Ешқандай сыртқы қалпы жоқ ол бос қалыппен теңестіріледі, бірақ осы туындаған бостық кез келген нақты форманың жоғалмайтын потенциясы. Әрекет тудырушы «дао» «Дао дэ цзынде» бейнеленген, келесі репен берілген: «дао» бірнәрсені тудырады («ци» бөлшектерін жалпы әлемдік субстракт ретінде), бірнәрсе екінші нәрсені тудырады ( поля бастаулар «Инь» және «Ян»), екеуі үшіншісін тудырады ( ұлы үштікті Аспан – Адам - Жер), ал үшеуі қалған басқа заттардың бәрін пайда қылдырады. «Дао» және «Дэ» л. Концепциясында тығыз байланысты: «дао» заттарды тудырады, «дэ» оларды өсіріп жетілдіреді. Және «Дао дэ цзынде» жоғарғы және төменгі «дэ» екіге бөліп қарастырылады. Соңғысы Конфуцилік мәдени шығармашылық стратегияның талпынғыстарымен салтанатты өсиеттер «Лидің» негізінде ізгі істер жасаумен байланысты; бұған қайшы «нағыз әулие», өзінде жоғарғы «Дэға» ие өзінің қарапайымдылығымен үйлесімділігіне сәйкес жаңа туылғанға ұқсайды. «Нағыз әулие», «дао» секілді барлығын жаратады, ештенені иеленбейді және ешкімге билік жүргізбейді тек қана «Даоға» негізделген «Дэ - мейірімді ғана» үйлестіруші күшке ие: егер «Даодан» бастарту өліммен өшуге әкелсе, онда «даоны» ұстану кезінде Көкпен Жер үйлеседі, ал халық бұйрықсыз тынышталады, және

карапайымдылықпен табиғи өмірге қайта оралады. «Нағыз әулие» өз жүрегін күштарсыз және сабырлы қыла отырып, мәңгілік «даоға» толығымен теңестіріледі («кім даоға қызмен етсе сол даомен тең»); «Дао дә цзынның» бұл концепциясының аспектісімен кейінгі кездегі даолық практикалық амалдармен физикалық мәңгілік өмірге жету ізденістері байланысты.

#### ***Оқу әдебиеттері :***

- Из книг мудрецов. Проза Древнего Китая. М. 1987
- Антология даосской философии. М. 1994
- Мировые религии и священные тексты [Электронный ресурс] : учебное пособие / С.А.Ан, В.В.Маркин, В.В. Пасечник ; Алтайский государственный педагогический университет. — Барнаул : АлтГПУ, 2017;
- Всемирное писание. Сравнительная антология священных текстов. М., 1995;
- Мень А. История религии: в поисках Пути, Истины и Жизни. М., 1992.
- Всемирное писание. Сравнительная антология священных текстов. М., 1995;

#### **Ведалық әдебиеттер.**

1. Ведалардың ең көне деген киелі жазбалар ретіндегі маңызы.
2. Ведалық әдебиеттердің мазмұны мен мақсаты.
3. Ведаларды негізгі тараулары: Ригведа – «Гимндердің Ведасы»  
Яджурведа – «Құрбандық формулалардың Ведасы», Самаведа – «Әндердің Ведасы», Атхарваведа – «Дұғалардың Ведасы».
4. Ведаларға ведалық жазба, ведалық әдебиет

#### ***Оқу әдебиеттері :***

- Ригведа. Избранные гимны. – М: наука, 1972.
- *Шри Шримад А.Ч. Бхактиведанта Свами Прабхупада. Бхагавад-Гита как она есть. – М., Бхактиведанта Бук Траст, М 1986*
- Сатсварупа даса Госвами. Очерки ведической литературы. – М. 1994.
- Семенцов В.С. *Бхагавад-Гита в традиции и современной научной критике – М: Наука, 1985.*
- Сыркин А.Я. *Некоторые проблемы изучения Упанишад. М., Наука 1971*
- Чаттопадхья. *История индийской философии. – М: Прогресс, 1966.*
- Радхакришнан. *Индийская философия. – М: Миф, 1993. – Т.1*

#### **Иудаизмдегі қасиетті көне жазбалардың жазылу тарихы.**

1. Иудаизмдегі қасиетті көне жазбалар жинағының пайда болуы.
2. Иудаизмдегі қасиетті көне жазбалардағы еврей тарихы, діні мен дәстүрлері.
3. Яхвит мәтінінің жазылу тарихы. Элохит мәтіні. Нақылдар жинағының мазмұны мен мәні. Заңды қайталау кітабы.
4. Таураттың тарихи-әлеуметтік мәні. Сагесс (даналық) кітабы. Нақылдар кітабы және оның ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталуы. Эйюб кітабы. Эклезиаст (уағыздаушы) кітаптары.
5. Көне өсиет мәтіндерінің бір жүйеге келуі.
6. Көне өсиетті жинақтау және оны қалпына келтіру. Көне Өсиетке байланысты зерттеулердің хронологиясы.

### ***Оқу әдебиеттері :***

- Библия. Кез келген басым
- Козаржевский А.Ч. Источниковедческие проблемы реннехристианской литературы. М., 1985
- Мировые религии и священные тексты [Электронный ресурс] : учебное пособие / С.А.Ан, В.В.Маркин, В.В. Пасечник ; Алтайский государственный педагогический университет. — Барнаул : АлтГПУ, 2017;
- Всемирное писание. Сравнительная антология священных текстов. М., 1995;
- Мировые религии и священные тексты [Электронный ресурс] : учебное пособие / С.А.Ан, В.В.Маркин, В.В. Пасечник ; Алтайский государственный педагогический университет. — Барнаул : АлтГПУ, 2017;
- Мень А. История религии: в поисках Пути, Истины и Жизни. М., 1992.

### **Тхеравада (хинаяна) буддизм ережелері. Трипитака**

1. Трипитаканың мәні мен мазмұны.
2. Виная-питака, Сутта-питака және Абхидхамма-питака
3. Пратимокша – Заңдар.
4. Кхандана – заңдарға берілген түсіндірмелер (Махавагга және Чуллавагга).



Буддалық әдебиеттер өз кезегінде бірегей туындылар болып табылады. Оның тарихы 2 мың жылдан аса уақытты қамтиды. Буддалық әдебиеттер өзінің бүкіл тарихында барлық елдерде өзгеріссіз болып қала алмады. Өйткені ол жергілікті әдеби және фольклорлық дәстүрдің Будда ілімімен тоғысуынан пайда болған.

Буддалық әдебиеттердің көп бөлігі белгілі бір дәрежеде буддизмнің махаяналық түсініктемесі, санскрит тілінде жазылған шығармалар құрайды. Соның көмегімен немесе оның басқа әртүрлі тілдерге аударылуы арқасында махаяна Тибетке, Қытайға, Жапонияға және Орталық Азияға енді. Алайда тұтастай алғанда санскриттік канондық әдебиеттер жеткіліксіз және көбінесе фрагменттермен берілген. Бұларға Сарвастивадиндер плюралистік реализм ілімі, муласарвастивадин каноны, Будданы жоғары күш иесі ретінде суреттейтін махасангхик-Махавасту кіреді. Аваднашатака, Лалитавистара мифке айналған Будда өмірін суреттейді.

Буддалық санскриттік әдебиеттер арасында екі үлкен поэманың авторы Будданың ағайындас ағасы Канданың буддизмге бет бұруы туралы баяндайтын Саупдаранаида және «Будданың өмірі» - Буддачаританың авторы Ашвагхошидің аты (б.з.ІІІ ғ.) ерекше аталады.

Махаяналық сутралардың арасында б.з.ІІ ғ. аяғына жататын Саддхарманундарика («Лотос Благого Закона») ерекше орын алады.

Бұл сутра Будданың адамдық тұлғасы мәңгілік Будданың құдайылық бейнесінен толықтай ығыстырылып шыққан кездегі махаянаның даму тарихын алғаш айқындаған.

Ерте кездегі буддизмге қатысты толықтау мәлімет бізге дейін жеткен пали тілінде жазылған Типитакада келтірілген. Цейлонда б.з.І ғ. жататын Палилік канонның ежелгі редакциясы сақталған, бірақ Типитаканың бастапқы негізгі шығармалары одан ерте кезде пайда болған.

Трипитака («Үш себет») үш үлкен бөлім – питактарға (себет) бөлінеді, олар: «Виная-питака – «жарғы себеті» - буддалық монах өмірінің негізгі өмір салты ережелеріне, монахтық қауымдар ұйымының мәселелеріне арналған.

«Суттапитака» - «тәмсілдер себеті» - Будданың әңгімелері мен уағыздарын қамтиды.

Абхидхаммапитака – «заң себеті» - буддалық ілімге қатысты әртүрлі діни шығармалардан құралған.

Оңтүстік буддистерде типитаканы бөлудің варианты бар, мысалға бес нихай (жиннақ) немесе тоғыз анг (бөлім) немесе 84 мың дхаммаккандхтан (жеке үзінділер) тұрады.

Виная – питака өз кезегінде 3 бөлімнен тұрады.

Сутта - виб ханга деп аталатын біріншісіне дисциплинарлық кодекс болып саналатын Пратимокианың атаулары мен түсіндірмелері кіреді. Екінші бөлім Кандхани тарихи және аңыздық сипаттамалар үзінділерін қамтиды (мұнда Будда өмірі туралы да әңгіме де бар).

Үшіншісі – паривара. Ол сұрақтар мен жауаптар формасында алдыңғы Викай бөлімінің кейбір жерлерін қысқаша түйіндейді.

Канонның ерекше бөлімін Абхидхамма-питакадан (кейде Саттапакарной (жеті трактат) тарайды. Олардың ішіндегі ең танымалы – Дхаммасангани - «перечисление Дхамм». Ол б.з.д. ІҰғасырға жататын психологиялық трактат. Дәл осыған буддалық психологияның негізі енгізілген. Негізінде бұл трактатта әлемдегі адамға сыртқы қатынасы бойынша объекті емес, адам туындатқан және онда психологиялық элементтер бірігетін ұғымдардың жиынтығы ретінде қарастырылатын әлемдегі барлық нәрселер електен өткізіледі.

Абхидхамма-питаканың келесі бөлімі – Кабханга өте қызықты емес. Онда Дхаммасанганиде кездесетін және кездеспейтін бірқатар психологиялық категория қарастырылады. Алайда мұндай қарастыру методы алдыңғы трактаттардағыдай емес, басқаша.

Үшінші бөлімі *Коттхаватху*, ол *Паталипутрада*ғы Үшінші соборда төрағалық еткен *Писс* жазған және буддистік философияның даулы мәселелерін баяндауға арналған.

Төртінші бөлім *Пуггала-паньятти* – мінез-құлқы мен жай-күйіне қарай адамдардың әртүрлі типін қарастырады.

Соңғы үш бөлімі – *Дкатукаттха* – психологиямен және оның тиісті категорияларға қатынасымен байланысты сұрақтарды баяндайды. *Ямана* – қолданбалы логика мәселелерін зерттейтін *Абхидхамманың* күрделі бөлімдерінің бірі. Соңғы бөлім *Паттханак-панаранада* себептілік түсінігі зерттеледі.

Канонның үшінші бөлімі *Сутта-питака* (текстер жинағы) ең толық түрде «*Дхамма*» - «білімді» құрайды. Канонның бұл бөлімінде прозаикалық диалогтар, өлең жолдары, аңыздар мен афоризмдер келтірілген. Мұнда негізгі орынды Будда немесе оның шәкірттерінің айтқан сөздері алады.

*Сутта-питака* бес сутра жинағынан (нихай) тұрады, ол мазмұны, стилистикалық және тілдіксипаттары бойынша біріккен.

*Дигха-нихай* («Собрание пространных поучений») сутта питакаға ашылады. Ол 34 сутрадан тұрады, әрбір сутра Будда іліміндегі ережелерді анықтайды. *Дигха-нихай* құрамына кіретін бөлімдер ішінде кең танымалы – *Брахмаджала* - сутта, онда Буддаға ұқсаған аскет және Будданы мақтаған аскеттің шәкірті туралы эпизодтар философиялық қатынастарда мораль ережелері, әртүрлі философиялық көзқарастар туралы дискуссияларға себеп болды. *Махапариниббана-сутта* ұстаздық өмірінің соңғы күндері туралы қызықты және нақтылы айтып береді. Басқа сутралар белгілі дәрежеде Будданың кастаға, брахманизмге қатысты, буддалық ілімді зерттеушінің міндеті туралы, аскеттер, себептілік және т.б. туралы көзқарастарын баяндайды.

*Келесі нихай* – *Мадждхима-нихай* («Собрание средних поучений») Буддизмнің принциптерін дін ретінде баяндайтын 152 сутрадан тұрады.

*Самьюта-нихайдың* үшінші бөліміндегі бұл текст сутралары ішінде аса қызығушылық тудыған *Дхаммачаккапповатка-сутта*, ол «Заңдар арбасының» қалай қозғалысқа келгені жайлы айтады. Мұнда Будданың атақты *Бехарестік* уағызы да келтірілген.

Төртінші бөлім *Ангуттара-нихай* («Собрание поучений, большее на один член»). Бұл жинақ сапасының санына қарай 11 бөлімге бөлінген 2300ге жуық сутралардан тұрады.

Бесінші бөлім *Кхуддаканихай* («Собрание коротких поучений»). Онда буддизмнің 10 өсиеті (кісі өлтіруден, ұрлықтан, әділетсіз өмір салтынан, өтірік айтудан, қыздырғыш ішімдіктерді қолданудан, ән айту, музыка мен биден, әшекей, сән-салтанат пен алтын-күмістен, мезгілсіз тамақ ішуден тыятын), дененің 32 мүшесі, дінге жаңа кірушілер үшін қойылатын 10 сұрақ келтірілген.

*Кхуддаки-нихайдің* танымал бөлімдерінің қатарына сондай-ақ Будда тұсында жазылған 82 қысқа лирикалық өлеңнен тұратын *Удака* жинағы да жатады.

*Тхера-гатха* мен *Тхери-гатканы* Будданың шәкірті Буддхавансаға жазылған (ерлер мен әйелдерге), ол Будданың өмірбаяны мен оған дейінгі 24 Будданың өмірбаянын құрайды.

Алайда *Кхуддака-нихайды* құрайтын барлық шығармалар ішінде ең маңыздысы деп 3-ін санайды, олар: *Дхаммапада*, *Сутта-нипати* және *Джатаки*.

*Джатаки* – ол Будданың өмір сүруге дейін болғаны туралы 550 жуық әңгімелер, аңыздар мен ертегілер. *Джатакидегі* әрбір әңгіме Будда өзінің туылу туралы кезекті тарихын айтуға мәжбүр еткен Будда өміріндегі жағдай туралы хабарлайтын кіріспеден басталады.

*Сутта-нипата* – бұл буддизм дамуындағы бірінші орында тұтастай қалыптасқан философиялық көзқарастар жүйесі емес, этикалық мәселелер тұрған кезеңді қамтиды.

Дхаммапада – (....., «Основа закона») – 26 тарауға бөлінген 423 өлең сутрадан тұрады. Мұнда ежелгі Буддизмнің моральдық этикалық доктринасының негізгі принциптары толық және кең көлемде айтылған.

«Қарттық туралы тарауда» қарттықтың терең әсер ететін көріністері берілген. Мұнда Будданың өмірге жеңіл қарайтын адамдарға қарсы айтылған сөздері келтіріледі.

Канон шеңберінде палидің ауқымы кең әдебиеті де өмір сүрді.

Паритта – магиялық іс-әрекеттер мен дұғаларға арналған канондық текстер жинағы.

Миланда-паньха («Миланда патшаның сұрақтары»). Алғашқы кезде ол сірә, санскрит тіліне жазылған болса керек, есесіне оның б.з. басында Цейлонда палиге аударылған түрі сақталып қалды. Миланда-паньха б.з.д. II ғасырда Солтүстік Индияда билік жүргізген грек патшасы Миландра (Миланда) мен буддалық ойшыл Нагасека арасында жүрген әңгімеден тұрады.

### **Оқу әдебиеттері :**

Щербатской. Ф.И Изб.труды по буддизму. М., 1988

Тихомиров Л.А. Религиозно-философские основы истории. Москва. 2007.

- Всемирное писание. Сравнительная антология священных текстов. М., 1995;
- Мировые религии и священные тексты [Электронный ресурс] : учебное пособие / С.А.Ан, В.В.Маркин, В.В. Пасечник ; Алтайский государственный педагогический университет. — Барнаул : АлтГПУ, 2017;
- Мень А. История религии: в поисках Пути, Истины и Жизни. М., 1992.

Интернет-ресурсы: <http://sam-sebe-psycholog.ru/articles/svyashchennye-knigi-religiy-mira>; <http://www.elibrary.ru/>, <http://bogoslav.ru>; <http://www.gumer.info/>; <http://philosophy.ru>.

- Библиотека гуманитарных наук «Гумер» <http://www.gumer.info/>
- Электронная библиотечная система «Книгофонд» <http://www.knigafund.ru/>
- Электронная библиотечная система «Библиотех» <http://www.bibliotech.ru/>

### **Махаянаның доктриналық мәтіндері**

1. Қытайлық Трипитака мен Тибеттік Кангьюр.
2. Тибеттік жинақ 108 томдық Будданың сөзі
3. 220 мәтіндік «Теньгюр» - Кангьюрге түсініктеме
4. Тибеттік өлілер кітабындағы махаянаның діни-философиялық ілімінің мәні

### **Оқу әдебиеттері :**

Щербатской. Ф.И Изб.труды по буддизму. М., 1988

Тихомиров Л.А. Религиозно-философские основы истории. Москва. 2007.

- Всемирное писание. Сравнительная антология священных текстов. М., 1995;
- Мировые религии и священные тексты [Электронный ресурс] : учебное пособие / С.А.Ан, В.В.Маркин, В.В. Пасечник ; Алтайский государственный педагогический университет. — Барнаул : АлтГПУ, 2017;
- Мень А. История религии: в поисках Пути, Истины и Жизни. М., 1992.

Интернет-ресурсы: <http://sam-sebe-psycholog.ru/articles/svyashchennye-knigi-religiy-mira>; <http://www.elibrary.ru/>, <http://bogoslov.ru>; <http://www.gumer.info/>; <http://philosophy.ru>.

- Библиотека гуманитарных наук «Гумер» <http://www.gumer.info/>
- Электронная библиотечная система «Книгофонд» <http://www.knigafund.ru/>
- Электронная библиотечная система «Библиотех» <http://www.bibliotech.ru/>

### **Инжіл - көне мұра.**

1. Христиандық қасиетті кітаптар жиынтығы.
2. Инжілдік кітаптардың пайда болуы. Апокрифтар.
3. Ежелгі өсиет кітаптарының жүйесі.
4. Септуагинта, Вульгата
5. Канондық және канондық емес кітаптар

#### ***Оқу әдебиеттері :***

- Э. Эби. Краткое введение в Библию. Москва. 1989
- Эмануэл Тов. Текстология Ветхого Завета. Москва. 2000
- Шифман И.Ш. Ветхий Завет и его мир. М., 1987;
- Интернет-ресурсы: <http://sam-sebe-psycholog.ru/articles/svyashchennye-knigi-religiy-mira>; <http://www.elibrary.ru/>, <http://bogoslov.ru>; <http://www.gumer.info/>; <http://philosophy.ru>.
- Библиотека гуманитарных наук «Гумер» <http://www.gumer.info/>
- Электронная библиотечная система «Книгофонд» <http://www.knigafund.ru/>
- Электронная библиотечная система «Библиотех» <http://www.bibliotech.ru/>

### **Жаңа Өсиет кітаптары**

1. Жаңа өсиет – протестанттық канон
2. Жаңа өсиет кітаптарының жүйесі.

3. Канондық және канондық емес кітаптар
4. Пайғамбарлар кітабы

### **Оқу әдебиеттері :**

- Библия. Кез келген басым
- Э. Эби. Краткое введение в Библию. Москва. 1989
- Брюс М. Мецер. Канон Нового Завета. Возникновение, развитие, значение  
Интернет-ресурсы: <http://sam-sebe-psycholog.ru/articles/svyashchennye-knigi-religiya-mira>; <http://www.elibrary.ru/>, <http://bogoslav.ru>; <http://www.gumer.info/>; <http://philosophy.ru>.
- Библиотека гуманитарных наук «Гумер» <http://www.gumer.info/>
- Электронная библиотечная система «Книгофонд» <http://www.knigafund.ru/>
- Электронная библиотечная система «Библиотех» <http://www.bibliotech.ru/>
- Горелов, А. А. История мировых религий [Электронный ресурс] : Уч. пособ. / А. А. Горелов. -5-е изд., стереотип. - М. : Флинта : МПСИ, 2011. –  
[//http://znanium.com/bookread.php?book=406017](http://znanium.com/bookread.php?book=406017)

### **Құран Кәрім және оның зерттелуі.**

1. Құранның ашылуы туралы дәстүрлі мұсылмандық концепция.
2. Құран сүрелерінің жүйеленуі және Құран текстерінің пайда болу тарихы.
3. Алғашқы Құран жинағы.
4. Құран текстерінің жүйесі, құрылысы, жалпылама мінездемесі және мазмұны.

Құран сөзі араб тілінде «оқу» деген мағынаны білдіреді. Бұған Ислам ғалымдарының көпшілігі Қиямет сүресінің 17-18-ші аяттарын дәлел ретінде келтіреді: «Шын мәнінде оны (құранды) жинау әрі оқыту біздің міндетіміз. Ал оны (құранды) оқыған кезімізде, оқылуына мұқият ілесіп отыр». Кейбір Ислам ғалымдары кітаптың Құран деп аталуы – бұрын түсірілген қасиетті парақтар мен кітаптардың негізгі қағидаларымен қоса күллі ғылымдардың толық қамтылғанына байланысты дейді.

Құран Кәрім – Қасиетті кітаптардың ең соңғысы. Құран – Аллаһ тарапынан уахи періштесі Жәбірейіл (ә.с) арқылы пайғамбарлардың ең соңғысы Мұхаммедке (с.а.у.) адамзатқа тура жол көрсету үшін бөлек-бөлек аяттар түрінде 23 жылда түсірілген.

Яғни Құран Кәрім пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) араб тілінде, әрі оқылуы ғибадат саналатын, «Фатиха» сүресімен басталып «Нас» сүресімен аяқталатын, ұрпақтан ұрпаққа ауызша және жазбаша түрде жалғасатын, бір

әріпінің де ешқандай өзгеріске ұшырамайтын Ұлы жаратушы Аллаһ Тағаланың қасиетті сөзі. Хадистің мазмұнында: «Пайғамбарымыз (с.а.у.) әр Рамазан айында Жәбірейілге (а.с) Құранды жатқа тапсыратын. Жәбірейіл (а.с) болса, Пайғамбарымызды (с.а.у.) тындап, тексеретін. Ал сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Пайғамбарымыздың алдына тізерлеп отырып, жаттап алған құрандарын жатқа оқып қателерін дұрыстататын» деп айтылады.

Сондықтан бұл жағдай мұсылмандар арасында тәркетілмес үрдіс болып қалыптасты. Міне осы үрдіс бүгінгі күнге дейін барлық мұсылман мемлекеттерінде жалғасын тауып келеді. Сонымен қатар еліміздегі мешіттерде Рамазан айында әсіресе тарауих намазының хатым құранмен оқылуы – осының айғағы.

Құран – қияметке дейін барша адамзатқа тура жолды көрсететін, өмірдің санқырлы жақтарын егжей-тегжейлі түсіндіріп беретін, Аллаһқа мойынсұнғандарды бұ дүние мен ақыретте мәңгілік бақытпен сүйіншілейтін кітап.

Құран – ақыретке дейін келетін күллі адамзаттың барлық рухани жағы мен күнделікті тұрмыс-салтының сұраныстарына жауап беретін, барлық проблемаларға қатесіз толық шешім беретін, адамның санасы жете бермейтін көмескі әлемді суреттеп, беймәлім сырларды ашатын, ақ пен қараның аражігін ажыратып беретін, иман келтіргендерді рухани кемелдікке тәрбиелейтін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген қасиетті соңғы кітап.

Құран Кәрім милади жыл санауы бойынша 610 жылы Рамазан айында түсе бастады. Ең алғаш Хира үңгірінде «Алақ» сүресінің төмендегі бес аяты түсті. «Жаратқан Раббыңның атымен оқы. Ол адам баласын ілініп тұратын ұйыған қаннан жаратты. Оқы! Қаламмен жазуды үйреткен Раббың тым жомарт. Ол адам баласына білмеген нәрсесін үйретті.

Құранның толығымен түсіп бітуі түрлі салдарға байланысты 23 жылға созылды. Ең соңғы түскен аят жайында ислам ғалымдары арасында ортақ пікір жоқ. Десек те, басым көпшілігі Майда сүресінің 3-ші аятын ең соңғы түскен аят деп қабылдайды. «Бүгін кәпірлер сендердің діндеріңнен (құлатып, жоюдан) күдерлерін үзді. Олардан қорықпандар, тек менен ғана қорқындар. Бүгін діндеріңді толықтырып сендерге деген нығметімді тәмамдадым. Сондай-ақ сендер үшін дін ретінде Исламды таңдадым».

Құранның өзге есімдері

Ислам дінінің қасиетті кітабы Құран Кәрімнің басқа да атаулары бар. Осылардың ішінде ең көп қолданылатыны Құран сөзі. Бұл Құран Кәрімде алпыс сегіз жерде кездеседі. «Ей Пайғамбар! Құран оқыған кезінде қуылған шайтаннан Аллаһқа сыйын!». (Нахл сүресі 98-аят) «Шүбәсіз бұл Құран адамзатты ең тура жолға бастайды. Әрі салиқалы амал істеген мұсылмандар үшін үлкен сыйлық бар екенін және ақыретке сенбейтіндер үшін қинаушы азап дайындағанымызды сүйіншілейді». (Исра сүресі 9-10-аяттар) Құранның бұдан басқа да жалпы жұртшылыққа мәлім бірнеше аты бар. Олар:

1.Әл-Китаб. Қазақша мағынасы – кітап. Құранда екі жүз отыз жерде кездеседі. «Шүбәсіз сендерге ішінде уағыз-насихаты бар бір кітап түсірдік».

(Әнбия сүресі 10-аят) Исламтанушы ғалым Абдуллаһ Дираздың айтуынша әл-Китаб деп аталуының себебі: қаламмен жазылып, кітап халіне келтірілгендігінен. Сондықтан Ислам құқығында «Құран» сөзінің орнына «әл-Китаб» сөзі қолданылады.

2.Әл-Фурқан. Қазақша мағынасы – ажыратушы. «Әлемге ескертуші болсын деп құлына (Мұхаммедке) Фурқанды түсірген Аллаһ өте Ұлы». (Фурқан сүресі 1-аят) Яғни, ақ пен қараның арасын ажыратушы деген мағынаға келетін бұл сөз Құранда алты жерде кездеседі.

3.Әз-Зикр. Араб тілінде «Зикр» деген сөз «еске түсіру», «еске алу» деген мағыналарды білдіреді. «Расында да зікірді (құранды) біз түсірдік әрі оны біз сақтаймыз». (Хижр сүресі 9-аят)

Бұлармен қоса Құранның *Һуда* – тура жолға бастаушы; *мауғиза* – Аллаһтың уағызы; *шифа* – көңілдерге шипа беруші; *бәшир* – мәңгілік бақытпен яғни жәннатпен сүйіншілеуші; *нәзир* – қорқынышты азапты ескертуші және нұр – қараңғылықты жарыққа бөлейтін т.б. осы тәрізді мағыналарды білдіретін есімдері мен сипаттары бар.

Құранның бұрынғы түсірілген кітаптарды растауы

Құран Кәрім – өзінен бұрынғы түсірілген кітаптардың (таурат, забур, інжіл) Аллаһ тарапынан екендігін растайды. «Расында ол (Жәбірейіл) оны (Құранды) Аллаһтың бұйрығымен, өзінен бұрын түсірілгенді растаушы және тура жол көрсетуші әрі сенгендерді (мәңгілік бақытпен) сүйіншілеуші ретінде сенің жүрегіңе орналастырды». (Бақара сүресі 97-аят) Дегенмен бұл аталмыш кітаптар белгілі бір қауымдар үшін түсірілгендіктен, олар (құран секілді) дүние жүзілік кітап мәртебесіне ие емес. Сонымен қатар қазіргі уақытта бұл кітаптарға адамдардың өз ой-пікірлері мен көзқарастары еніп кеткендіктен асыл түп нұсқа мәтіндері өзгертілген. Бұл жайында Құран Кәрімде: «Кітапты (негізгі үкімін өзгерту мақсатында) өз қолдарымен жазып, кейін аз ғана пұлға сатуды көздеп «бұл Аллаһтан келген (кітап)» дегендерге азап болсын! Қолдарымен жазғандары үшін әрі тапқан пайдалары үшін оларға азап болсын!». (Бақара сүресі 79-аят) «Оларды уәделерін бұзғандары үшін лағнет еттік және жүректерін тас қылдық (қараладық). Сондай-ақ (Таурат) сөздерін өзгертіп, өздеріне берілген үгіттен үлес алуды ұмытты». (Мәйда сүресі 13-аят)

Құранның ақыретке дейін сақталуы

Аллаһ Тағала Құран Кәрімнің ақыретке дейін бір әрпінің де өзгерместен өз қалпында сақталатындығы жайында былай дейді: «Расында да Құранды Біз түсірдік, әрі оны Біз сақтаймыз». (Хижр сүресі 9-аят)

Әлемнің түкпір-түкпірінен Құран Кәрімнің нұсқаларын жинақтап, мәтіндерін салыстырар болсақ, Құран аяттарының бір де біреуінің тіпті әрпінің де өзгермегенін, 14 ғасыр бұрын қандай болса, қазір де дәл сол күйінде сақталғанына көз жеткіземіз. Хикмет иесі Ұлы Аллаһ Тағала қасиетті Құран Кәрімді кітап бетінде әрі Қарилардың (Құранды толық жаттаған кісі) жадында сақтап келеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) әу бастан-ақ құранның жатталуын үгіттеп, насихаттаған. Хадисте: «Сіздердің ең жақсыларыңыз құранды үйреніп әрі оны басқаларға үйреткендеріңіз»;

«Құранды жаттап әрі онымен амал жасаған кісінің ата-анасына қиямет күні күн нұрынан да жарық тәж кигізіледі» делінген. Міне осыған ұқсас хадистер мұсылмандардың құранды жаттауға деген қызығушылықтарын тудырып оған аса ұқыптылықпен қарауға жөн сілтейді. Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Менен бір аят болса да (басқаларға) жеткізіндер» - деген бұйрығын орындай отырып, құран аяттарын түскен-түскендей жаттап, басқаларға жеткізіп отырған. Пайғамбарымыз (с.а.у.) көзі тірісінде Құранды жаттап, оны түскен-түскендей жазып отыруға әмір еткен. Айталық сахаба әзіреті Омардың (р.а.) ұсынысымен терілер мен тақталарға жазылған Құран аяттары жинақталып кітап халіне келтірілді. Ал сахаба Османның (р.а.) дәуірінде реттеліп, белгілі бір жүйеге келтірілді әрі нұсқалары көбейтіліп, әкімшілік орталықтарға жіберілді.

Құран Кәрімнің арада сан ғасырлар өтсе де, мұсылман қауымы арасында ұрпақтан ұрпаққа ешқандай өзгеріссіз жетуі, оның аса құнды да киелі дүние екендігінің айғағы. Сондықтан бұл аманатты (Құранды) еліміздің ертеңі өскелең жас буынына жеткізу, ондағы имандылық пен ибалықты дәріптеу әрбір мұсылманның парызы.

#### **Оқу әдебиеттері :**

1. Құран Кәрім. Кез келген басылым.
2. Құрманбаев Қайрат. Құрантану. Алматы. 2016
3. Әл-Икк. Усул әт-тафсир уа қауағидуһ. – Бейрут: Дәр нә-нәфәис
4. Мухаммад Али Хасан. Әл-Манар фи улум әл-Қуран маға мадхал фи усул әт-тафсир уа масадириһ. – Бейрут: Муассасату әр-рисәләһ. 2000 ж.
5. Имам Уалиуллаһ әд-Дәһләуи. Әл-Фауз әл-Кәбир фи усул әт-тафсир. – Каир: Дәр әс-саһуа. 1986 ж.
6. Мухаммад әз-Зарқа. Шарх әл-Қауағид әл-фиқһия. – Дамаск: Дәр әл-қалам. 2011 ж. – 508 б.
7. Имад Али Абдус-Самиғ. Әт-Тәйсир фи усул уа иттижаһат әт-тафсир. – Искандария: Дәр әл-иман. 2006 ж.

#### **Интернет-ресурстар:**

1. <https://www.youtube.com/watch?v=rXsZ5DRKMnI> Усул әт-тафсир пәніне арналған интернет дәрістер сайты
2. <http://shamela.ws/index.php/book/23599> Исламтану мамандығының электронды кітапханасы
3. <http://www.al-eman.com> Ислам зерттеулерінің электронды сайты
4. <https://www.youtube.com/watch?v=wnaeKjgvGLY>  
<https://www.youtube.com/watch?v=uWm2bDZ4jw>

#### **Құранның жазылуы мен жинақталу тарихы**

1. Меккелік және мәдиналық аяттар түсінігі



2. Меккелік және мәдиналық аяттарды ажырату жолдары
3. Меккелік және мәдиналық сүрелердің ерекшеліктері
4. Құранның сақталуы мен түсу тарихы
5. Құран аяттарының бөлек-бөлек түсуінің сырлары
6. Құранның алғашқы және соңғы түскен аяттары

### **Оқу әдебиеттері :**

1. Құран Кәрім. Кез келген басылым.
2. Құрманбаев Қайрат. Құрантану. Алматы. 2016
3. *Қазіргі мұсылман философиясы. // Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық, Т.19. Алматы: Жазушы. 2008*
4. *Қайрат Жолдыбайұлы. Ақиқат шуағы. Иман негіздері. Алматы. 2007*
5. Мухаммад эз-Зарқа. Шарх әл-Қауағид әл-фиқһия. – Дамаск: Дәр әл-қалам. 2011 ж. – 508 б.
6. Имад Али Абдус-Самиғ. Эт-Тәйсир фи усул уа иттижаһат эт-тафсир. – Искандария: Дәр әл-иман. 2006 ж.
7. Пиотровский. Коранические сказания. М., 1991;
8. Шамсуль-Хакк Афгани. Корановедение. – Пакистан, Бахавалпур: изд-во медресе «Фарукия», 1389 г.
9. Зубайди. Корона невесты. – Ливия, Бенгази: Дар-уль-Ливия, 1386 г. х. – Том 1, стр. 384;
10. Рагыб Исфакани. Словарь редких терминов Корана

### **Тәпсір ілімінің пайда болуы, тәпсірдің түрлері**

1. Тәпсір, тәуил және тәріме түсініктері
2. Пайғамбарлар мен сахабалар кезіндегі тәпсірлер
3. Табиғиндер дәуіріндегі тәпсір
4. Тәпсірлердің түрлері

*Құран тәфсирінң бірнеше түрі бар. Құранды түсініп оданн дұрыс үкім шығара білудің маңызы өте зор. Тәфсіршілер Құранды әр түрлі жағынан тәфсирлеуге тырысқандықтан тәфсир де әр түрлі бағытты ортаға шыққан. М: кейбіреулері Құранның балағатына, мағыналарына және стиліне көңіл аударса, кейбіреулері сөздердің ықтимал болған мағыналарын түсіндіребілу үшін грамматикалық құрамдарға, кейбіреулері қиссаларға ақайдқа беріле отырып, Құранның негізгі мағынасынан ашақтап кеткен тәфсирлерді муфассирлердің жағдайы және олардың тәсілдеріне қарап оларды бірнеше топқа бөлуге болады. Ибн Аббастан риуаят етілген бір хабарда ол тәфсирді 4 ке бөледі:*

1. *Көпшіліктің білуі мүмкін болған тәфсир*
2. *Араб тілін білу арқылы ғана білуге мүмкін болған*

3. Нағыз ғалымдардың
  4. Аллаһтан басқа ешкімнің білуі мүмкі емес
- Жалпы тәфсир екіге бөлінеді*

1. Риуаят тәфсирі
2. Дираят тәфсирі

*Риуаят тәфсир деп кейбір аяттарды түсіндіру үшін Құрандағы басқа аяттардың өзінен, Хз. Пайғамбарымыздың, сахабалардың сөздері мен түсіндірулерін айтады. Кейбіреулер бұған табиғиндер сөдерін де қосады. Риуаят тәфсирлері алғашқыда риуаят жолы арқылы басталып, хадис ілімнің ішінде туған тедвин дәуірінен кейін, әсерлерге жинақталған М.Абумалхак Ебу Равале және Ибн Журейс тәфсирлері сияқты. Құранның Құран аяттары мен сахих сүннеттен тәфсир етуде ешқандай келіспеушілік жоқ, бірақ бұл жерде Хз.Пайғамбар немесе сахаба табиғиндағы сүйендірілген сөздердің бар болғандығын ұмытпау керек. Міне осы жағынан алғанда риуаят тәфсирдің әлсіз жақтары ортаға шығады. Бұл жақтары әлсіз жүйелерді мынандай топтарға бөлуге болады:*

1. Тәфсирде жалған хабарлардың көп болуы
2. Исралияттың кіруі
3. Иснаттардың түсірілуі

*Риуаят тәфсирінң мысалдары хадис кітаптарының, Китабұл – Тәфсир немесе Құранның фазилеттері Құран бөлімдерінде қолға алынған*

*Ең негізгі және танымал риуаят тәфсирлері мыналар (229-280 беттер) Дираят тәфсирі бұл риуаяттармен гана шектеліп қоймай тіл, әдебиет, дін және әр – түрлі мәліметтерге сүйене отырып жасалған тәфсирлер яғни іждихат бойыншы жасалған тәфсирлер. Бұл тәфсирдің ортаға шығуы қажеттілікке байланысты болды. Исламның басқа мемлекеттерге жайылуына байланысты араб тілін сақтау үшін қағидаларына қажеттілік пайда болды. Ислам жағрафиясының келгеніне байланысты әртүрлі ғылымға философиялық ойлар дамыған сайын, әртүрлі масхабтардың шығуына байланысты бұл жаңа мәліметтер тәфсирдерде де орын тебе бастады. Рей бойынша тәфсир жасағандардың ұстанған немесе жүгінген методтары болған.*

#### *Хз. Пайғамбарымыздың тәфсирдегі орны*

*Сахаба Құрандағы түсінбеген аяттарды немесе сөздерді Пайғамбарымыздан сұраған. Пайғамбарымыз да оларға өздерінң түсіне алатын дәрежесінде тәфсир етуі негізінен Құранның өзінен, Пайғамбарлық міндетінің керектігінен ортаға шығады.*

#### *Сахабаның тәфсирдегі орны*

*Хз. П.Пайғамбардан кейін тәфсир саласында ең маңызды рольді сахаба алған. Мұның себебі олардың мықты имандары және эсбабуль – нузульдібіліп*

үкімдердің арасына Құран білулерден келеді. Бірақ олардың мәселелерді білуінің дәрежелері олардың өздерінің жағдайына қарай әр түрлі болып келеді. Барлығын да бірдей деп қабыл ету мүмкін емес. Сахаба Құран аяттарының тәфсирін ----- ету арқылы немесе ижтихад арқылы жасаған. Ижтихад арқылы хасан тәфсирлерінің көбінде негізгі тілдің не діни мәселелерге маңыз берілген. Олар аяттағы діни қиын мәселелерді түсіндіру үшін әртүрлі жолдар қолданған. Бұлар сахабаның мүмкіндігі мен қабілетіне байланысты болған. Сахаба тәфсиріндегі айырмашылықтардың негізгі себебі: олардың жеке жағдайларына байланыстылығы (дәреже, фазилет, түсінік бойынша) және Араб жазуының айтарлықтай дамымауында. Сахаба арасында атақта болған мыналар: Али бин Абу Талиб, Абдуллаһ бин Мәсғуд, Абдуллаһ бин Аббас, Абу Муса ал – Ансари, Абдуллаһ бин Зубейр

*Абдуллаһ бин Масғуд және оның тәфсирдегі орны*  
Тәфсир саласында Ибн Аббастан кейін ойға алғаш келетін сахаба Абдуллаһ бин Масғуд.

Хз. Омар заманында Куфаға тағайындалып, ол жерде қазылық және бейтуль – мал қызметін жасаған. Ол Ирак тәфсир медресесінің негізін қалаған. Иракта жүздеген сахабаның болуына қарамастан ол тәфсир іліміндегі ақыл және қабілетінің арқасында ең алда болған. Ол қырағат, фыкыһ, тіл білімдерінде де маңызды кісі болған. Ол тәфсирлерінде Асбабуль – Нузуль риуаяттарын көп риуаят еткен.

#### *Абдуллаһ бин Аббас*

Тәфсирде ең атақты, бәлкім ең маңызды адамдардың бірі болған Абдулла бин Аббастың

Баруиль, Хибр, Тарыдмануль – Құран делінген. Бұл кісі Пайғамбарымыздың дұғасына ие болған. Ислами білімдерге атақты болған. Ол өзіне жөнелтілген сұрақтарға жауап беріп қана қоймай, Исламнан бұрынғы жағдай тіпті адамның жаратылуы жайлы да көп әңгімелеген. Ол Абдуллаһ бин Салам және Кабул Акбар да көп риуаят еткен. Ибн Аббастың білімі жайлы көп нәрсе айтылған. Ибн Масғуд оған Құран аудармашысы деген.

Ибн Аббас пайдаланған және сахабадан немесе өзінің ижтихатымен жасаған тәфсирі бір кітап халіне жиналмаған оның оқулықтары өздерінің қабілет және түсініктеріне қарап жинастырған. Олардың ілімінен Абу-Салих, Ибн Абасқа сұенетін жинақ заманымызға дейін келіп, бірнеше рет басылып шыққан тафсирде мынадай метод қолданған. Ол аяттарды кейде діни кейде тілдік кейде тарихи бір жолмен тафсир етуге тырысқан кейде сөздерің тура мағыналарының орнына ауыспалы мағынасын қолданған оның Аббасилерге жақындығынан байытты көптеген адамдар оның атын пайдаланып риуаяттар түзген. Тафсир зерттеушісі, құран зерттеушісі, аудармашысы к-в Lasciez былай деген; (француз ғалымы. Тафсиршілір Ибн Аббастың атын пайдаланып Иахуди яғни хрис-тың әсерінде қала отырып, маңызды кітаптарын жинаған дейді.)

### *Табиннің тафсирдегі орны.*

*4 халифа дәуірінен бастап Ислам топырағының шекараларына басқа дін және әдет-ғұрыптан болған тарихи территориялар кіре бастаған. Осы халықтар үшін Исламды түсіндіруге тырысқандырдың жаңа үкімдер шығаруына тура келді. Нижаздан ұзақ болған бұл жерлерге діни хабарлар жақсы келмейтін бола бастады. Сондықтан жеке көзқарастар көбейе бастады. Араб еместерді дінді үйренуге деген мықты ынтасы екінші жағынан құрайш және басқа арабтарды бұл халықтарды басқару үшін басқару істерімен айналысып, басқа салаларға үңілмеуі тафсирде Мевалидің (араб еместерге мевами делінген) ортаға шығуына себепші болды. Мевалидің жағдайлары олардың егелерінің жағдайына бай-ты болған. Мевалидің егесі саудагер болғанның мевалисі саудагер, ғалым болғандардікі ғалым болған. Исламды қабыл етпестен бұрын босқа мәдениет және салтдәстүрлері бар мевами солардың әсеріне қала отырып Исламды арабтардан басқаша түсіне бастаған. Осыған бай-ты тафсирде кейбір маңызды қозғалыстар ортағашыға бастады.*

### *Тафсирде Исралият.*

*Тафсирде Исралият сөзіне Яһуди мәдениетінен және әдеттерінен кеңірек алсақ, Яхудиердің тұсында христиан және басқа мәдениеттен Исламға кірген риуаяттар деп атауға болады. Тафсирде басқа дінге қарағанда Яхудиліктен келген риуаяттардың көптігіне байланысты бұлсөздің (терминнің) бұл мағынада қолданылуы кең таралған. Пайғамбарымыздың дүниеден өткеннен кейін Исрият Құрандағы қысқаша айтылған қыссаларды айқындау үшін жасалған әрекеттерде көрілген осы қысқа қыссаларды айқындау үшін әхли кітаптағы «kitabul » бар мәліметтермен жолықтыруға тырысқан Құрандағы қыссалар адамдарға үлгі және насихат болу үшін айтылған. Ол жердегі жеке кейбір егжей-тегжейлі маңызды емес . Бірақ таурат және інжілде бұл мәселелер кеңірек қамтылған.*

*М; Жәннәттің сипаттары , Адам және Хауананың жеуіне тиым салынған жемістің түрі, Адам және Хауананың жәннәттан шығарылғаннан кейін түсірілген жерлердің егжей- тегжейлі жайында.*

*Інжілдегі М;Хз. Исаның шежіресі (несебі) шығу тегі қалай жазылғаны, көптеген түсірілген дастархандағы тамақтың түрлері Құранда айтылған, бұл Інжілде ұзынырақ айтылған. Мұсылман кітаптары вежиз болғандықтан бұның түйінін айқындау және түсіндіру үшін басқа діндегі хабарларды алған риуаяттардың кіруін сахаба заманына дейін алып баруға болады.*

*Сахаба бұл қыссаларды, яғни риуаяттарды мұсылман болған кітап йелерінің риуаяттен, бірақ олардан естіген нәрселердің барлығын теріс ала бермеген. Бұл Пайғамбарымыздың бұл риуаяттарды алу тұрғысынан істеген әрекеті әртүрлі болған.*

*Исралият хабарларын үшке бөлуге болады.*

- 1. Дәрежесі білініп, құранға қайшы кнлмегендер олардың риуаяты жәйз.*
- 2.Жалған екені білініп құранға қарсы келгендер олар жәйз емес.*

3. Дәрежесін оның біле алмаған қабыл етіліп, етілмейтіндігі белгісіз болған хабарлар.

Исрамияттың кіруінің бір себебі де арабтардың көшпенді болуы кітапқа түсірілмеген халық болғандықтан кейбір мәселелерді (дүниенің жаратылуы адамның сырлары сияқты) мәселелерді білуге деген құштарлықтанғанда туған. Сахаба заманында Исралият тафсирлерде аз болса, заманында көбейген. Оның себебі ахли кітаптан мұсылман болғандардың көбіюі және мұсылмандарды егжей-тегжейді белгілері келуі.

Тафсиршілердің бұл жағдайда (Исралиятты алып, алмау) нені негізге бөлу керек. Тафсирші бұл хабарды ақл елегінен өткізіп, егер Құранның рухына сай келмесе немесе кейбір қысқаша жәйттерді айқындаған Пайғамбарымыздың сахих риуаяттары бар болған кезде басқа риуаяттарды алуы дұрыс болмайды. Исрамият хабарларының келуіне себепшіл болған негізгі кісілер;

1 Abdullah bin Salam 663-664

2 Kagbul Akbar 652-653

3 Abul – Malik bin Abdul Aziz bin Cubeysı 150-767

Табиин, Атбауттабинның тафсирдегі орны.

Алғашқы хадистің ісінде пайда болған тафсир (риуаят тафсирі) бірге дираят тафсирде де ортаға шыға бастады. Хижа санауы бойынша 2ғ бастап, тафсир хадистерден бөлек болып қалыптаса бастады.

М; Али бин Абу Талибқа

Муқатил бин Сүлейман.

Суфиян бин Сэври

Суфиян бин Увейне

Абдурразақ бин Хаман

Яхия бин Сәләмдардың тафсирлері.

Білгеніміздей Ислам территориясының кеңеюі басқа дін және мәдениеттердің қосылуына алып келді. Ортаға шыққан саяси және діни қозғалыстар өздерінің өмір шеңдігін сақтай білу үшін Құранға сүенді. Алғашқы ғасырларда пайда болған діни ағымдар өздерінің пікірлерін туралау үшін Құраннан дәлел табуға тырысқан. Дәлел таппаған кезде жалған құрастыруға тура келді. Сөйтіп, бұған Исралиятты да қоссақ тафсирде болған шым-шытырақтың қаншалықты дәрежеде болғандығын көруге болады.

1. Али бин Абу Талханың тафсирі.

Тафсир риуаяттарының ең ескісі Аббастікі болып табылады. Одан көптеген адамдар риуаят еткен болса да, бізге дейін олардың ішінен жеткен Аби бин Абуталханың тафсир парағы өкінішке орай бұл парақ заманымызға дейін келмеген. Негізгі жазиралы болған Али бин Абу Тамқа-Химста қайтыс болған. 143 жылы өлгендігі айтылса да 130-120 дегендер де бар. Бұл парақ Ибн Аббастан Али бин Талқа одан Муавил бин Салих, одан Абдуллаһ бин Салих испадымен келген. Бір жинақ халында болмаған бұл парақ Бухаридың Аттабаридың, ибн Хатм және ибн Мунзирдың тафсирлерінде кездеседі

Екінші адам:

2. *Микотин бин Сулейман ө 150-767.*

*Муқатип бин Абу Хасан, Муқатил бин Сулейман әл-Әзди Құран тафсирынды танымалы есімдердің бірі тафсирге байланысты әсерлері Стамбул кітапханаларында бар. Мұхаммедтың қалыфырхана ұстанғаны жайлы әр түрлі пікірлер бар. Бірақ Ахмад бин Хамбелдің оны «Құран ілімінде әкетіндеуі шафидың де» тафсирде сүйенелетін адамның Муқати екенін айтуы, оның сенімді екеніне дәлелдердің бірі оның тафсиры өз уақытының тәсірлерінің бір өрнегі болу тұрғысынан Мауызды. Муқатидың тафсиры хабарларды алу және оның ішінде Исралияттын көп болуына байланысты Мұсылман ғалымдар арасында жақсы қабыл етілмеген болса да өзінің уақытындағы қозғалыс және дүние-таным тұрғысынан маңызды әдебиеттердың бірі.*

3. *Яхя бин Сәләмінің тафсирі.*

*Яхия, бин Саламбин салаба Аттейми Исламның алғашқы ғасырларындағы ақыл ойға аса мән берген. Орталықтың бірі болған Куфада 124-741 жылы туылып, 200-815 Фустатта қайтыс болған, өмірі жайында табақат кітаптарында мәлімет өте аз. Оның бір кітап жазғандығы жайлы айтылса да өкінішке орай біге жетпеген оның Солтүтік Африкада ғасырлар бойы жарамды болып, кейінгі тафсірлерге әсер етерлікте дәрептеді тафсирге еге болғандығы айтылады, оның тафсирінің толық болмауы және әр түрлі жерлерінде парақ түрінде кездесуі қиындық туғызады оның бұл нұсқалары баласы Мұхаммат бин Яхия ө 262-876 арқылы немесе оқушысы Әбу Даут Ахмад бин Муса бин Жарир ө 244-858 арқылы келген бәрін бін араға келтіріп жинаса, Құран тафсирінің үштен бір бөлігін ғана құрайды. Оның тафсиры Ислам ғалымдары және Ислам мәдениеті жинақтайтын бір энциклопедия сияқты. Алғашқы ғалымдардың көбісінің пікірінің одан шығаруға болады ал кітабінде Хазреті пайғамбар сахаба және Табиұнның тафсиріне сүйеніде. Бұның тысында табиұнның тафсиріқырағат, тіл, грамматика, тарих және діни үкімдерге сүйеніп ауыл мен әрекет еткен.*

4. *Абдураззақ бин Халиманың тафсирі.*

*Әбубәкір Абдураззақ бин Хаммам бин Нафи Салами 126-211. 743-827. Иемендік Муфассир және мухаддистердің бірі . Оның тафсирінің заманымызға дейін 2 нұсқа мәлім. «Бірі Мысырда «Дарул кутубул Мисрия». Екіншісі Аннара Университеті тіл тарих және жағрафия кітапханасында Абдураззахтың тафсирі өте қысқа әрі нұсқа, онда алғашқы кездегі тафсірлер сияқты бүкіл аяттар бірінен кейін бірі тафсир етілмеген. Ондағы хабарлардың көбі филологиялық мәселелерді емес көбіне Асбабұл Нузелді қамтиді. Мұнда сахаба және табнунның сөздері еш жарамалданбай тікелей нақты болып есептеледі Асбабул Нузул Насх, қырағат, тіл, фықх, Исралият тұрғысына тафсірлердің және сол қоғамдың пікірін білу жағғынанмаңызы зор. Мұнда реліге көп ден қойылған.*

*Заманымызға дейін жасалған тафсірлердің түрі. Тілшілердің тафсірлері*

Тафсир ғылымы уақыт өткен сайын дамыды және сол кездері болып жатқан оқиғалардың бейне бір айнасы тәрізді болды. Тафсирлер қоломишылардан және Муқтазилердың-әсерленінақылдың еркіндігін үйреніп бұл тәсілдердің тафсирлерді қолданады. Нахли-тафсирлермен бірге ақыли тафсирлері дамыды. Тервин заманының басталуымен бірге бұл заманда фыххитың сенімдік және саяси ағымдар ортаға шыға бастады және бұл ағымдардың бәрі де бір үкімнің дұрыс екендігін көрсете білу үшін Құраннан аяттар дәлел көрсетуге тырысқан. Осы кездері мұсылмандарды гибадат және амалдарын тағайындау, Құрандағы аяттардан үкім шығару үшін Аккамүл Құран атты кітаптар жазыла бастады. Сонымен бірге әр түрлі ағымдар өздерінің көз қарасын дәлелдейтін тафсирлер жаза бастады. Бұл кезде тілшілерде Құранды филологиялық жағынан зерттеп «Лі Арабул Құран», «Ғарибул Құран», «Ма амил Құран» сияқты кітаптар жазған. Ислам мемлекеті үлкейген сайын құрамына әртүрлі мәдениеттер орлыса бастады. Араб тілі біртіндеп бұзыла бастады. Осы жағдайға байланысты тілдік ережелер және сөздердің жиналуына қажеттілік туды. Араб емес жер айналыса бастады. Осы заманда Ислам тарихында мәдениеттердің бір-бірімен араласып жер етуіне алып келді. Осы араласуға жол бермеу, араб мәдениетін үйрену үшін шөлдерде кезген адамдар болған сияқты мәдениеттердің арласуынан пайдаланған тірішілер болды.

Бұл алғашқы дәуірде араб мәдениеті Иран әдебиетінің әсерінде болды. Иранның ғалымдардың кейбіреулері жақсы типпен кейбіреулері де жаман типпен осы мәдениетті қорғап отырды. Олардың ішінде жақсы мұсылман болып дінге қызмет еткендер болған сияқты Исламға тұзақ құқырып оны жою және Иран халқын көтеру үшін әрекет еткендер де болған мұсылмандар үшін әр салада негіз болған.

Құран тілдік жағынан да негіз болды. Осы заманнан бастап жоғарыда кітаптар ортаға шықты. Олардың кейбіреулері бізге келіп жетті, кейбіреулері жетпеді. Аяттардың және сөздердің мағыналарын айқындау үшін тілшілер арабтардың өлеңдеріне де мән беріп жйнай бастаған. Тілшілер Құран тафсирінде қиындық туғызған сөздерді түсіндіру үшін араб өлеңдерінде және тілдерінде қолданылуларын негізге ала отырып, түсіндіруге тырысқан. Тілдік жағынан атақты болып бізге дейін келген кейбір әсерлерге тоқтала кетейік.

1, Әл-Фара; «Маганил-Құран»

Әбу Закария, Яхия бин Зияд бин Абдуллаһ бин Мансур әл Куффи әл Фара 144

Куфалықтар арасында тіл әдебиет және басқа пәндер бойынша ең ғалым болғаны еді. Заманының ғалымдарынан дәріс алған Әл- Фараның есте сақтау қабілеті өте күшті болғаны соншалықты, ол ұстаздарынан үйренген нәрселерін ешбірін жазбай есінде сақтаған. Әл-Фара кітабында аяттардағы кейбір сөздерді жіктеу жөнін қолға алып, сол бойынша мағына шығаруға тырысқан. Кейде Әл-Фара қырағат мәселелерімен де айналысып бұл мәселе бойынша селеф ғалымдарының көзқарасын ұстанған. Фара бұл

кітабында сүрелердің және аяттардың тәртібі бойынша тафсир жасаған. Бірақ әрбір аятты кезек-кезек қолға алмай морфологиялық жағынан түсіндірілуі қажет сөздерді қарастырған. Бұл кітап Құранның сөз тізбегі жағынан және түсірілуі жағынан өте маңызды кітаптардың бірі. Тафсир мен айналысқан адамдар көзден жырақ ете алмайды.

### **Оқу әдебиеттері :**

1. Құрманбаев Қайрат. Құрантану. Алматы. 2016
2. Мухаммад Такы Усмани. Корановедение.
3. Кныш А.Д. Ислам в исторической перспективе: начальный этап и основные источники. Учебник. Казань. 2015
4. Алтаев Ж.А., Фролов А. Ислам философиясы. Алматы. Қазақ университеті. 2016.
5. Нысанбаев Ә. Құрманғалиева Ғ. Ислам философиясы. ҚҰЭ, 4 том. Алматы, 2000.
6. Резван Е.А. Коран и его толкования. Тексты, переводы, комментарии. СПб.: Петербург. Востоковедение, 2009.
7. Назаров В.Н. Введение в теологию: учеб. пособие для студентов вузов. - М.: Гардарики, 2004.
8. Фролова Е.А. История арабо-мусульманской философии. Средние века и современность: Учебное пособие. М., 2006. 200 с.  
[//http://znanium.com/bookread.php.book=346235](http://znanium.com/bookread.php.book=346235)
9. Шохин В.К. Теология. Введение в богословские дисциплины. Учебно-методическое пособие. М., 2002. ? 123 с.  
[//http://znanium.com/bookread.php?book=345854](http://znanium.com/bookread.php?book=345854)

### **Қосымша:**

1. Құрманбаев Қайрат. Құрантану. Алматы. 2016
2. Мухаммад Такы Усмани. Корановедение.
3. Кныш А.Д. Ислам в исторической перспективе: начальный этап и основные источники. Учебник. Казань. 2015
4. Абу Шакур Салими. Введение... – Стр. 3–72;
5. 10. Легенды и мифы Древней Греции. (кез келген басылымы); Буддизм. Сөздік. М., 1992;
6. Флоренский Г.В. Жил ли Христос? Логос, 1991;
7. Апокрифы древних христиан. М., 1989;



8. Балагушкин Е.Г. Проблемы мифологического анализа религии. М., 2003;
9. Бидерман Г. Энциклопедия символов. М., 1996;
10. Боброва С.П. Мифологическое сознание как система. Иваново, 2000;